

Қазақстан Республикасының Минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық ғылыми орталығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 22 шілде N 642. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.06.15. N 760 қаулысымен. ~P990760

Қазақстан Республикасы Президентінің "Республиканың ғылымын ұйымдастыруды жетілдіру мен ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1090 U931090_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасының Минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық орталық (бұдан әрі - Ұлттық орталық) Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ведомстволық бағынысты кешенді ғылыми-техникалық бірлестік болып табылады деп белгіленсін. <*>

Ғылыми орталыққа Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті тағайындайтын орталықтың Бас директоры басқаратын Бас дирекция басшылық етеді. <*>

Ұлттық орталықтың Бас дирекциясы Алматы қаласында болады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.12.28.

N 1668 қаулысымен. P961668_

2. Ұлттық орталыққа:

республикада қара, түсті, сирек кездесетін және асыл металдардың пайдалы қазбаларының кен орындарын игеру, шикізатты ұтымды шығару мен тиімді түрде байыту, жоғары дайындықтағы бәсекеге түпкілікті төтеп бере алатын өнімдерді кешенді химиялық-металлургиялық ұқсату, кен-металлургия кешенінің айналадағы ортаға техногендік ауыртпалығын барынша азайту саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүргізу мен үйлестіру;

республиканың кен-металлургия кешенін дамытудың мемлекеттік басымдықтары, дүние жүзілік стандарттар деңгейінде түпкілікті нәтижелерге жету жолдарының перспективасын болжамдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

тау-кен істері, кен байыту мен металлургия саласындағы басым бағыттар бойынша республикалық, мемлекетаралық, халықаралық нысаналы

бағдарламалардың жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

тау-кен істері, пайдалы қазбаларды байыту және металлургия саласында энергия-ресурс үнемдеуші және экологиялық жағынан таза қалдығы аз және қалдықсыз технологияларды жасау мен игеру, қазіргі бар өндірістерді жетілдіру; жаңа материалдарды, жоғары деңгейдегі және айрықша таза металдар алудың технологияларын жасау;

республиканың экспорттық әлеуетін арттыру, ғылымға сүйенетін және импортты алмастыратын өндірістер құру;

республиканың әскери-өнеркәсіп кешенінің жаңа технологияларын кен-металлургия саласына ауыстыруды қамтамасыз ету;

тау-кен істері, пайдалы қазбаларды байыту және металлургия саласындағы ғылыми және ғылыми-техникалық кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыруға қатысу;

ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

Ғылыми орталық жасаған техниканың жоғары тиімді түрлерін, жаңа технологиялар мен материалдарды игеру мен пайдаланудың көлемі жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

ұлттық орталықтың мекемелері мен ұйымдарының тәжірибе-эксперименттік, өндірістік және әлеуметтік саласын дамытуды қамтамасыз ету жүктелсін.

3. Ұлттық орталықтың құрамына заңды мекемелер ретінде мына ғылыми ұйымдарды:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Тау-кен істері институтын;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Металлургия және байыту институтын;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Химия-технология институтын;

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің Шығыс түсті металдар ғылыми-зерттеу кен-металлургия институтын енгізу туралы Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының, ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің, Өнеркәсіп министрлігінің ұсыныстары қабылдансын.

4. Ұлттық орталықты қаржыландыру мемлекеттік бюджет, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің кредиттері, орталықтың қызметіне мүдделі бірлестіктер мен ұйымдардың қаражаты, сондай-ақ өз талдамаларын өткізуден алынған қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

5. Минералдық шикізатты кешенді пайдалану жөніндегі республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламаның негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштері бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі

минерал шикізатын кешенді пайдалану жөніндегі республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау үшін бюджетте ғылымды қажетті мөлшерде қаржыландыруға көзделген қаражат есебінен Ұлттық орталықты 1993 жылдан бастап нысаналы қаржыландырып отыратын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі тікелей шарттар бойынша ғылыми орталықты қажетті телефон, телеграф және телекс байланысымен қамтамасыз етсін.

7. Ұлттық орталыққа қызмет бабында пайдаланатын 2 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі